

УДК 341.215.43

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЕҢБЕКШІ-  
МИГРАНТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ**

**Амангелді Ақбота**

*bota\_jalgasovnaa@mail.ru*

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Заң факультетінің 3-курс студенті

Ғылыми жетекші: Сарсенова С.Н., Л.Н. Гумилев атындағы  
ЕҰУ-ның Халықаралық құқық кафедрасының доценті, з.ғ.к.

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасы еңбек-көші қон дәрежесі бойынша еңбекші мигранттардың белсенді келіп жатқан елдер тобына өтті. Негізгі себеп – елдегі экономикалық өсу және сонымен байланысты жұмыс орындарының көбеюі, жалақы деңгейі мен халықтың табыстарының өсуі, шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған жыл сайынғы квотаның біртіндеп көбеюі, ішкі еңбек нарығындағы жұмыс күшінің тапшылығы болды. Ішкі еңбек нарығында жұмыс күшінің тапшылығы, негізінен, жалақы деңгейінің төмен болуы және төмен біліктілікті талап ететін құрылыс, ауыл, егін шаруашылығындағы және бірқатар қызмет көрсету саласындағы жұмыстарға жергілікті халықтар арасында сұраныстың болмауынан туындайды. Еңбек көші -қоны бүгінгі таңда халықаралық деңгейде кең етек алып отыр.

Жалпы, еңбек көші-қонын реттеу ережелері үш сатыдан тұрады:

1. Ұлттық деңгейде;
2. Халықаралық деңгейде;
3. Аймақтық деңгейде.

1. Қазақстан Республикасы 2010 жылы 8 қазанда 1990 жылғы Еңбекші-мигранттар мен олардың отбасы мүшелерінің құқықтарын қорғау туралы халықаралық конвенцияға қосылды. Бұл конвенцияда еңбекші-мигранттар мен олардың отбасы мүшелерінің құқықтық мәртебесі айқындалып, олардың қызмет жүргізу тәртібі, жалақы төлеу, еңбек жағдайы, қауіпсіздік техникасы, әлеуметтік қамсыздандыру, кәсіптік одақтарға мүше болу, сотқа жүгіну құқығы, денсаулық қорғау және қауіпсіздік мәселелері көрсетілген. Құқықтарымен қоса, еңбекші-мигрант пен оның отбасы мүшелері жұмысқа орналастырушы мемлекеттің заңнамасын сақтауға, оның мәдениеті мен дәстүрін құрметтеуге, жұмысқа орналастырушы мемлекеттің аумағында өздері жасаған құқық бұзушылықтар үшін оның заңнамасына сәйкес жауапты болуға міндетті, еңбек қызметі нәтижесінде тапқан табысына жұмысқа орналастырушы мемлекеттің салық заңнамасына және халықаралық шарттарына сәйкес салық салынуға тиіс. Осы конвенцияда еңбекші-мигрант пен оның отбасы мүшесіне мынадай анықтама береді: Еңбекші-мигрант –Тараптардың бірінің мемлекетінің азаматы болып табылатын, өзі азаматы болып табылмайтын және тұрақты тұрмайтын басқа Тараптың аумағында заңды негізде жүрген және заңды негізде еңбек қызметін жүзеге асыратын адам; Еңбекші-мигранттың отбасы мүшесі – еңбекші-мигрантпен некеде тұратын адам, сондай-ақ, оның асырауындағы балалары мен жұмысқа орналастырушы мемлекеттің заңнамасына сәйкес отбасының мүшелері деп танылатын басқа да адамдар. Сондай-ақ, 1993 жылы Қазақстан Халықаралық Еңбек Ұйымына мүше болды. ХЕҰ еңбекші-мигранттардың және олардың отбасы мүшелерінің құқықтарын қорғау жөнінде конвенциялар мен ұсыныстар қабылдады. 1958 жылғы еңбек саласындағы кемсітушілік туралы

конвенция, 1949 жылғы Еңбекші мигранттар туралы конвенция, 1975 жылғы Көші қон саласындағы асыра пайдаланушылық пен еңбек мигранттарға сотқа жүгінуге тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету жөніндегі конвенция. Бұл конвенциялар мигранттардың құқығын барлық деңгейде қорғайды. Ең маңыздысы, ХЕҰ-ға мүше мемлекет заңды түрде мемлекеттің аумағына келген мигранттарға ешбір нәсілдік, ұлттық, діни, жыныстық белгілер бойынша кемсітпей, өз пайдаланатын құқықтарды жалақы алу, жұмыс уақыты, мерзімнен тыс жұмысқа ақы төлеу т.б ұсынуға міндетті.

2. Аймақтық деңгейде Қазақстан Республикасының ТМД елдері арасындағы еңбек-көші қоны екі жақты және көпжақты негізде жасалған шарттарға сәйкес жүзеге асырылады. Атап айтқанда, 1994 жылы 15 сәуірде Мәскеуде қабылданған Еңбек миграциясы саласындағы ынтымақтастық және еңбекші-мигранттарды әлеуметтік қорғау жөніндегі Келісім, Орта (жалпы) білім, бастауыш кәсіптік және орта кәсіптік (арнаулы) білім туралы құжаттарды өзара тану және құжаттардың баламалығы туралы 2004 жылғы Келісім және Әзірбайжанмен, Беларусьпен, Қырғызстанмен, Моңғолиямен, Тәжікстанмен, Өзбекстанмен еңбек көші-қоны мәселелері туралы екі жақты және үш жақты келісімдерге қол қойды. Бұл шарттарда келесі мәселелер қарастырылған:

Жұмысшыларды шетелге жіберетін уәкілетті органның мәртебесі;

Ақпарат алмасу тәртібі мен бос орындар жөнінде хабарландыру;

Заңсыз мигранттарды елден шығару тәртібі;

Медициналық көмек көрсету;

Кіру құжаттары және жұмысқа орналасуға рұқсат;

Жеке еңбек шарты, қанша тілде еңбек шарты жасалу қажеттілігі;

Баспана, жұмыс істеуге келген мемлекеттің жұмысшыны баспанамен қамтамасыз ету мүмкіндігі;

Юрисдикция, дау туындағанда қай елдің құқығы қолданылады.

3. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері, еңбек көші-қон қатынастарын реттейтін заңнама мен өзге де нормативтік құқықтық актілер түбегейлі өзгерістерден өтті. Осы қатынастарды реттейтін негізгі принциптер 1995 жылғы Конституцияның 21 бабында көрініс тапты. Қазақстан Республикасы аумағында жүрген әрбір адамның, заңда арнайы көрсетілгеннен басқа реттерде, оның аумағында еркін жүріп тұруға және тұрғылықты мекенді таңдап алуға құқығы бар.

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі № 477-4 «Халықтың көші-қоны туралы» Заңы еңбек көші-қоны – еңбек қызметін жүзеге асыру үшін тұлғалардың басқа мемлекеттерден Қазақстан Республикасына және Қазақстан Республикасынан, сондай-ақ мемлекет ішінде уақытша қоныс аударуы деп айқындайды.

Шетел жұмыс күшін Қазақстанға тарту еңбек-көші қонының жалпы ұғымына байланысты. Шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан аумағында еңбек және кәсіби қызметпен айналысуға тәртібін Үкімет анықтайды және олар өкілетті органдардың рұқсатымен және

олардың бақылауымен өз қызметін жүзеге асырады. Еңбек министрлігінің мәліметі бойынша, Қазақстанда рұқсаты бар, яғни заңды түрде 26 мың шетелдік жұмысшылар компанияларда жұмыс істейді. Бұдан бөлек, 320 мың шетелдік азамат еңбек-мигранттары ретінде жеке тұлғаларда құрылысшы, мал бағушы, аула сыпырушысы, бала күтуші, аспазшы, бағбан секілді үй шаруасындағы жұмыстармен айналысады. Сол себепті жеке тұлға айына 2 АЕК көлемінде салық төлейді. Дегенмен де, елімізге заңсыз келген еңбек мигранттарының саны да жетерлік. Олардың көпшілігі маусымдық жұмыстарда істейтін, белгілі бір саланың маманы емес, біліктілігі төмен адамдар. Заңсыз миграцияның қазіргі жағдайы өзекті мәселелердің бірі. Себебі, осы жағдайда олардың құқықтық мәртебесі айқындалмай, құқықтары мен бостандықтары жеткілікті түрде қорғалмайды. Сонымен қатар, мемлекетіміздің ішкі капиталының сыртқа кетуі экономикалық тұрғыда зиян келтіріп, мемлекеттің қауіпсіздігіне кері әсерін тигізуі мүмкін. Жалпы, еңбекші-мигранттардың басым бөлігі Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан секілді ТМД елдерінен келеді. Қазақстанда этникалық тепе теңдікті реттеу мақсатында шетелдерден келетіндерге азаматтық алу мен елде тұруға рұқсат алудың күрделі процедурасы белгіленген. Халықтың көші-қоны туралы Заңның 7-бабында еңбек көші-қоны тәртібімен келген шетелдіктердің, егер халықаралық келісімдерде өзгеше тәртіп көзделмесе, Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты тұратын жері болуға тиіс деп көрсетілген. Осылайша, Қазақстан заңнамасы Қазақстан Республикасында тұрақты тұру құқығын алған шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғаларды еңбек мигранттары қатарынан алып тастайды (шетелдік азамат үшін – тұру рұқсаты, азаматтығы жоқ тұлға үшін – азаматтығы жоқ тұлға куәлігі). Бұған қоса, еңбек көші-қоны туралы ұлттық заңнама мынадай шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғаларға қолданылмайды:

Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан бөлімдерде әскери қызметте жүргендер;

дипломатиялық миссиялар мен халықаралық ұйымдардың құрамына кіретіндер;

оқуда немесе өндірістік тәжірибеде жүргендер;

тіркелген діни бірлестіктерде кәсіптік қызметті жүзеге асырушылар;

тіркелген шетелдік ақпарат құралдарының өкілдері болып табылатындар;

Қазақстан Республикасына турист ретінде және іскерлік кездесулер өткізу үшін қайырымдылық және гуманитарлық көмек көрсету мақсатымен келгендер;

теңіз және өзен кемелерінің, әуе, теміржол және автомобиль көлігінің мүшелері болып табылатын адамдар.

Егерде, Қазақстанға уақытша келген шетелдіктің не азаматтығы жоқ адамның жүзеге асыратын қызметі рұқсат алмай және визада, тіркеу кезіндегі мақсаттарға сәйкес келмесе 25 АЕК мөлшерінде айыппұл салынып, 10 тәулікке дейінгі әкімшілік қамауға алынады.

Ал, еңбекші мигранттарға қатысты құқықтардың шектелуі еңбек көші қонына уақытша құбылыс ретінде қарау және оларға қатысты нәсілдік, ұлттық, діни, тілдік ерекшеліктеріне қарай бөлуінен туындайды. Сонымен қатар, еліміз 1966 жылғы Экономикалық, әлеуметтік, мәдени құқықтар жөніндегі пактті, ХЕҰ ң Бірлесу бостандығы және кәсіподақтарға бірігу құқығын қорғау туралы конвенциясын бекіткеніне қарамастан, еңбекші мигранттардың кәсіподаққа кіру құқықтары жоқ және өзге де бірлестіктер қызметіне қатысу мүмкіншіліктері шектелген.

### **Қолданылған ақпарат көздері:**

1. Международная конвенция о защите прав всех трудящихся и членов их семей от 18 декабря 1990 года <http://www.un.org/ru/>
2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылы 8 қазандағы «Еңбекші-мигранттар мен олардың отбасы мүшелерінің құқықтық мәртебесі туралы келісімге қол қою туралы» Қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық – құқықтық жүйесі <http://adilet.zan.kz/>
3. Соглашение о сотрудничестве в области трудовой миграции и социальной защиты трудящихся мигрантов от 15 апреля 1994 года <http://moscow.iom.int>
4. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Астана: Елорда, 2008.
5. Айдарбаев С.Ж. Адам құқықтарының Жалпыға бірдей Декларациясының 60 жылдығына арналған ғылыми теориялық конференцияның материалдары // Адам құқықтары және Халықаралық құқықтың өзекті мәселелері. – Алматы, 2009
6. Қазақстан Республикасының 2011 жылы 22 шілдедегі «Халықтың көші-қоны туралы» Заңы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық – құқықтық жүйесі <http://adilet.zan.kz/>
7. Мақала: Мигранттар еселеніп келеді 31 қазан 2017 жыл <https://aikyn.kz/2017/10/31/31787.html>
8. Мақала: Мигранттар еселеніп келеді 31 қазан 2017 жыл <https://aikyn.kz/2017/10/31/31787.html>
9. Международный пакт об экономических, социальных и культурных правах от 16 декабря 1966 года <http://www.un.org/ru>